

**Ақсай ауылдық округінің Қайрат және Дихан ауылдары аумағына шектеу іс - шараларын енгізе отырып, ветеринариялық режим белгілеу туралы**

Жамбыл облысы Жуалы ауданы Ақсай ауылдық округі әкімінің 2013 жылғы 8 тамыздағы № 21 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 2 қыркүйекте № 1999 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1, 27 баптарына сәйкес және Жуалы ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2013 жылғы 2 мамырдағы № 06-02/64 ұсынысы негізінде

**ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ұсақ мүйізді малдардан бруцеллездің эпизоотиялық ошағының анықталуына байланысты Ақсай ауылдық округінің Қайрат және Дихан ауылдары аумағына шектеу іс-шараларын енгізе отырып, ветеринариялық режим белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ақсай ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Жексенбаев Қанатбек Әділұлына жүктелсін.
3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округінің әкімі*

*А.Т. Бекжігітов*

**« К Е Л І С І Л Д І » :**

« Ж а м б ы л о б л ы с ы і ш к і і с т е р  
Департаментінің Жуалы аудандық  
ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы  
Б . А . Б ү р к і т б а е в

8 тамыз 2013 жыл

« Жу а л ы а у д а н ы б о й ы н ш а М е м л е к е т т і к  
санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау  
басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы  
М . И с к а к о в

8 тамыз 2013 жыл

«Қазақстан	Республикасы	Ауыл	шаруашылығы	
министрлігі	Ветеринариялық	бақылау	және	
қадағалау	комитетінің	Жуалы	аудандық	аумақтық
инспекциясы»	мемлекеттік	мекемесінің	басшысы	
Е .			О	ш а н о в
8 тамыз 2013 жыл				

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК